Түркістан облысы «Шардара» мектеп-лицейі «Бір тұтас тәрбие бағарламасын» жүзеге асыу бойынша атқарылған іс – шараларының мәліметі
2026-2027 оқу жылы

№	Жолданған хаттың қысқа мазмұны	Атқарылған жұмыс	Сілтемесі
1	**Алғашқы қоңырау**	«Таза» Қазақстан : Конституция құндылықтары-экологиялық мәдениет пен жауапкершіліктің негізі» атты алғашқы қоңырау салтанатты жиыны Түркістан облысы ,Шардара аудандық білім бөліміне қарасты «Шардара» мектеп-лицейінде 2026-2027 оқу жылының басталуына орай «Таза Қазақстан : Конституция құндылықтары –экологиялық мәдениет пен жауапкершіліктің негізі» тақырыбында салтанатты жиын өтті.Бүгін -мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндер үшін ерекше күн.Кішкентай жүректерінде үлкен арман арқалаған 1-сынып оқушылары алғаш рет мектеп формасын киіп,сап түзеп ,білім ордасының қақпасынан аттап,үлкен өмірге бастайтын білім кемесіне отырды.	https://www.facebook.com/share/p/1Ei3sMNoQc/
2	**Біріңғай сынып сағаты –Құқықты білу ,міндетті сезіну,елге қызмет ету**	Салтанатты жиыннан кейін білім ордасында «Қазақстан Республикасының Конституциясы : Адал азамат , зерделі ұлт және жауапты қоғам қалыптастырудың негізі»тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары ұйымдастырылды.Сынып сағаттары барысында оқушылармен Конституцияның негізгі қағидаттары талқыланып ,құқық пен міндеттің арақатынасы ,заң мен тәртіпті сақтау ,мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, қоғамдық ортадағы мәдени мінез – құлық , табиғатты аялау және еңбекті қадірлеу мәселелеріне ерекше назар аударылды.	https://www.facebook.com/share/p/19rNjb3AeD/
3	**«Сенімді дос»-Қолдаудан басталатын қауіпсіз орта**	01.09.2026ж Түркістан облысы ,Шардара ауданы, «Шардара»мектеп-лицейінде «Сенімді дос»бағдарламасы аясында білім алушылардың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету , эмоционалдық қолдау көрсету және суицидтің алдын алу бағытында профилактикалық кездесу өткізілді.Кездесу мектептің педагог-психлогтары Ф.Жумабаева мен А. Арын педагогтер және кіші қызыметкерлердің қатысуымен ұйымдастырылды. Кездесу барысында қатысушыларға : Баланың көңіл күйіндегі өзгерістерді дер кезінде байқау Эмоционалдық күйзелістің негізгі белгілерін тану	https://www.facebook.com/share/p/1JUacdm5AQ/

		Қиын жағдайда балаға дұрыс қолдау көрсету; Оқушыны мұқият тыңдау және түсіну ; Қажетті жағдайда мамандардан көмек сұрау жолдары туралы маңызды ақпараттар берілді	
4	**Тіл –Ұлттың Жаны Халықтың Бірлігі**	5 қыркүйек –Қазақстан халқы тілдері күніне орай «Шардара»мектеп-лицейінде қазақ тілі мен әдебиеті,орыс тілі мен әдебиеті және ағылшын тілі бірлестіктерінің ұйымдастыруымен мазмұнды мерекелік әс-шара өтті. Таңертелік шараның басты мақсаты –оқушыларға тілдің адам өміріндегі маңызын түсіндіру ,мемлекеттік дәріптеу және түрлі тілдер мәдениеттерге деген сыйластықты қалыптастыру.Мерекелік шараны мектеп-лицей директоры Ләззат Өмірәліқызы Құлмаханбет ашып,оқушылар мен ұстаздары айтулы мерекемен құттықтап ,ізгі тілегін білдірді	https://www.facebook.com/share/v/1DUmwSt7ca/
5	**«Тәртіпті Ұл –Елдің тірегі»**	«Шардара»мектеп-лицейінде «Тәртіпті ұл –елдің тірегі»тақырыбында 8-11 сынып оқушыларымен тағылымды кездесу өтті. Жиынға мектеп-лицей директоры Л.Құлмаханбет директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Г Ахатова ,педагог-психолог Жумабаева Феруза және сынып жетекшілері қатысты.Жиналыс барысында жасөспірім ұлдардың бойында тәртіп,жауапкершілік ,әдептілік үлкенді сыйлау ,кішіге қамқор болу,өз ісіне жауап бере білу сынды адами құндылықтарды қалыптастырукеңінен сөз болды. Ер бала –отбасының қорғаны ,елдің ертеңгі азаматы .Нағыз азамат болу күшті болудан бұрын ,тәртіпті білімді намысты және жауапты болудан басталады.	https://www.facebook.com/share/p/19fRjadLPh/
6	**«Жасөспірім шақтағы ерте жүктіліктің алдын алу»Қыздар жиналысы**	Бүгін «Шардара» мектеп-лицейінде «Жасөспірім шақтағы ерте жүктіліктің алдын алу»тақырыбында қыздар жиналысы өтті. Жиынға аудандық учаскелік полиция инспекторы полиция капитаны Сабден Гауһар,Тілегенова Ләззат,мектеп –лицей директоры Л.Құлмаханбет директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Г. Ахатова , педагог – психолог Жумабаева Феруза мектеп медбикесі Игиликова Күлаш және сынып жетекшілер қатысты.Жиналыс барысында жасөспірім қыздарға ерте жүктіліктің алдын алу , жеке бас қауіпсіздігі , денсаулықты сақтау , құқықтық сауаттылық және өмірлік жауапкершілік мәселелері бойынша маңызды ақпараттар берілді.	https://www.facebook.com/share/p/1HnFvW3eby/

7	**«Қауіпсіз балалық шақ»-Басты құндылық**	«Қауіпсіз балалық шақ» жбасы аясында «Шардара» мектеп-лицейінде 8-9 сынып оқушыларымен маңызды кездесу ұйымдастырылды.Кездесудің негізгі мақсаты – жасөспірімдер арасында құқықтық сауаттылықты арттыру ,қауіпсіз мінез –құлық мәдениетін қалыптастыру заң мен тәртіпті құрметтеуге тәрбиелеу, сондай –ақ түрлі келеңсіз жағдайлардың алдын алу.Жиын барысында оқушыларға жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттері ,қоғамдық тәртіпті сақтау,құқық бұзушылықтың алдын алу және қауіпсіздік талаптарын орындаудың маңыздылығы түсіндірілді.Оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, маманардан нақты жауаптар алды. Кездесуге Шардара АПБ-ның ККБ КТИЖ УПИ полиция капитаны Г.Ш.Сабден Шардара АПБ-ның ККБ КТИЖ УПИ полиция капитаны К.Жанықұлв; ДТЖЖО С.К.Динасилов Г.Т Ахатова сынып жетекшілері қатысты.	https://www.facebook.com/share/p/19reV68ywm/
8	**«Отбасы-Бақыт мекені»Челенджі**	Өзің –өзі басқару ұйымының мектеп парламенті отбасы құндылықтарын дәріптеу мақсатында «Отбасы –бақыт мекені»атты челлендж ұйымдастырылды.Өзің –өзі басқару мүшелері ұстаздардан бақытты отбасы туралы әр түрлі сұрақтар қойып сұқпаттар алды. Отбасы - әр адамның жүрегіне жылу сыйлайтын, мейірім мен махаббаттың мекені. Бала үшін ата-ананың қамқорлығы, жанұядағы татулық пен өзара түсіністік - ең үлкен бақыт. 💐Бақытты отбасы – береке бастауы, ❤️Мейірімді отбасы – бала жүрегінің қорғаны, 🤝Тату отбасы – қоғамның берік негізі! Отбасындағы әрбір жылы сөз, әрбір ізгі әрекет баланың болашағына үлкен әсер етеді. ✨Отбасы берік болса – қоғам да мықты! Бала бақытты болса – елдің болашағы жарқын!	https://www.facebook.com/share/v/1HVEXw55Js/
9	**Өзің-өзі басқару ұйымының Парламент Президентінің сайлау күні**	Өзің-өзі басқару –Жастардың жауапкершілігінен басталады!» «Шардара»мектеп-лицейінде оқушылардың өзің-өзі басқару жүйесін дамыту,көшбасшылық қабілеттерін қалыптастыру ,қоғамдық белсенділігін арттыру және мектеп өміріне жауапкершілікпен қатысуын қамтамасыз ету мақсатында Өзің –өзі басқару ұйымының Парламент Президентін сайлау ұйымдастырылды. Сайлау барысында оқушылар өз	https://www.facebook.com/share/r/1EnqktKPQp/

		таңдауларын жасап ,дауыс беру тәртібімен танысты. Әрбір оқушы өз пікірін білдіріп ,мектеп өміріндегі маңызды бастамаға белсенді түрде қатысты. Бұл іс-шара оқушылардың азаматтық белсенділігін жауапкершілігін, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталды. Өз таңдауың –өз жауапкешілігің ! Көшбасшылық –бастамадан жауапкершіліктен басталады!	
10	**«Ұстазға құрмет – ұрпаққа өнеге»**	Ұстаздар күніне арналған іс-шаралар жоспары аясында бүгін бастауыш сынып оқушыларының қатысуымен «Ұстазға бір ауыз алғыс»атты тағлымды әрі жүрекке жылы іс-шара өтті. Ұстаз –білімнің шамшырағын жағып ,әр баланың жүрегіне ізгілік пен мейірімнің дәнін себетін аяулы тұлға .Ұстазға айтылған әрбір жылы сөз-үлкен құрметтің ,шынайы алғыстың белгісі. Іс-шара барысында бастауыш сынып оқушылары өз ұстаздарына деген ыстық ықыластарын , жүрекжарды тілектерін білдіріп , «Ұстазға бір ауыз алғы»арқылы ұстаз еңбегінің қадірін сезінді.	https://www.facebook.com/share/v/1JDViUhtrT/
11	**«Адал ата –ана – Қауіпсіз балалық шақ»**	Бала тәрбиесі – ата-ана мен мектептің ортақ жауапкершілігі .2026жылдың 18 қыркүйек күні «Шардара »мектеп-лицейінде «Адал ата-ана –қауіпсіз балалық шақ »тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиын барысында бала қауіпсіздігі ,отбасындағы тәрбие,ата-ана мен бала арасындағы өзара түсіністік жасөспірімдердің құқықтық және психологиялық қауіпсіздігі мәселелері кеңінен талқыланды. Ата-ана мен мектеп арасындағы берік байланыс –баланың қауіпсіз әрі бақытты ортасының негізі. Адал тәрбие –саналы ұрпақ .Қамқор ата-ана қауіпсіз балалық шақтың кепілі.	https://www.facebook.com/share/p/1cRoFrZiGz/